

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Толеранттылық - заманауи педагогикалық білім  
контекстінде тұлғаны дамыту факторы» атты Халықаралық  
ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының  
материалдары**

**HOCA AHMET YESEVI ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK  
ÜNİVERSİTESİ**

**«Modern Pedagojik Eğitimde Kişisel Gelişim Mevzuunda Bir Faktör  
Olarak Hoşgörü» Uluslararası bilimsel ve pratik çevrimiçi  
konferansın materyalleri**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ**

**Материалы Международной научно-практической интернет-  
конференции:**

**«Толерантность как фактор развития личности в  
контексте современного педагогического образования»**

**KHOJA AHMET YASAWI INTERNATIONAL  
KAZAKH-TURKISH UNIVERSITY**

**Materials of the International scientific and practical Internet-  
conference:**

**Tolerance as a factor of identity development in the context of  
modern education”**

**Шымкент, 2021**

дейін және одан кейін дене салмағының өзгеруімен жүктеме мөлшерін анықтауға болады

### Әдебиеттер тізімі:

1. Евсеев Ю. И. Физическая культура. ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. Бас. 6-шы испр. және қосымша-М.: Финикс2010.
2. Максименко А.М. Физикалық мәдениеттің теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Бас. 2-ші түзету. және қосымша. М.: дене тәрбиесі, 2009.
3. Студенттің дене тәрбиесі. ЖОО студенттеріне арналған оқулық./ Под.Ильинича. В.И. – М.: Гардарики,2007.
4. Сейдахметов Е.Е., Серимбетов Ж.Ш. Дене шынықтыру (Жоғарғы оқу орнының студенттеріне арналған): оқу құралы – Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2021. - 171б.

ӘОЖ 796.386

### ЖАСӨСПІРІМ ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМУ

*Серимбетов Ж. - магистр, аға оқытушы, «Дене шынықтыру және спорт кафедрасы», Шымкент университеті, (Қазақстан, Шымкент қ.)*

*Кәпбосынов Г. - оқытушы, №63 Мектеп-гимназиясы (Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.)*

**Аннотация:** Бұл мақалада жалпы білім беретін орта мектептердің дене тәрбиесі сабағының оқу үрдісіне енгізілген футбол негізгі дене сапаларын жетілдірудің кейбір мәселелері қарастырылады. Білім алушылардың футболдағы ойын- жарыс қызметін сипаттап, сайысуда өзара жағымды атмосфераны қалыптастыру, жаттығушылардың бойында рухани - еріктілік қасиеттерін дамыту туралы жазылған.

**Кілт сөздер:** футбол, білім, тактика, оқушы, аяқ, доп, денсаулық, үйрету, қозғалыс.

Білім алушы оқушылар арасында футбол өте кеңінен таралған спорттық ойын болып табылады. Сондықтан жалпы білім беретін орта мектептердің дене тәрбиесі сабағының оқу үрдісіне енгізілген. Дене тәрбиесінің негізгі құралы болып табылады, сонымен қатар футбол негізгі дене сапаларын жетілдіреді, олар; төзімділік, жылдамдық, ептілік, т.б. қасиеттерді қамтиды. Білім алушылардың футболдағы ойын- жарыс қызметін сипаттайды және сайысуда өзара жағымды атмосфераны қалыптастырады, жаттығушылардың бойында рухани- еріктілік қасиеттерін дамытады.

Дене тәрбиесі мұғалімінің негізгі мақсатының бірі оқушыларды футбол ойынының техникасының негіздеріне үйрету болып табылады. Оқушыға әрі қарай футбол техникасын өз бетінше жетілдіріп және денсаулығын нығайта

отырып, жұмыс жасау қабілеттерін арттырудағы үлесі мол. Дене тәрбиесі сабағының жоспары көлемінде футбол техникасын үйретуге бөлінген сағаттардың аздығы және үйретудің күрделі екендігін ескерер болсақ, оқытушы мен оқушы қазіргі кезде өзіндік қиындықтарға кезігіп отыр.

Жасөспірім футбол спорттық ойыны- спортшының игеруге тиісті, қимыл-қозғалыс дағды-машықтардың әртүрлілігі бойынша, спорт түрлері арасында алдыңғы қатарларда тұр. Ең алдымен, бұл футболшы доппен бірге іс-қимылдар техникалық амал-тәсілдерін: тоқтау, доп беру, допты қарсыластан алып қою, допты алып жүру, алдап өту, қақпаға доп соғу және т.б. Қозғалыс дағдылары доппен қозғалыстарды жүзеге асыратын техника болып табылады. Әрбір техникалық тәсіл, өзіндік дағдысы бар әртүрлі амалдармен жүзеге асады.

Жасөспірім футбол техникасының негізгі ретінде – әртүрлі амалдармен орындалатын допты соғу болып табылады. Себебі, допты оң аяқтың да, сол аяқтың да орындалуымен әртүрлібөліктермен соға алады: аяқ ұшымен, өкшемен, тобықпен, табаның сырт немесе іш жағымен т.б. Доп баспенде соғылады: маңдаймен, жиекпен, қырымен, төбесімен және де олар секіру, секірмеу кездерде де жүзеге асырылады. Әртүрлі қалыпта бола тұрып, футболшы қозғалыссыз допты да, қозғалыстағыдоптыда жерде домалаған, әртүрлі биіктікте ұшып келе жатқан күйі т.б. соға алады.

Жасөспірім футболшы допты соғуды әртүрлі тәсілін меңгеруі және ол тәсілді әртүрлі ыңғайсыз қалыпты тұрып та орындай алуы керек. Бұл оған ойынды туындаған әртүрлі жағдайлар байланысты соғуды қолдануына мүмкіндік береді. М.Д. Товаровский техникалық шеберлік тұралсында мынандай анықтама береді: «Шебелер техникасы дегеніміз не? Ол дегеніміз күш-жігердің жалдамдық, бар мүмкіндігін кейін, жүгірудің аз және көп жалдамдығында, дененің әртүрлі жағдайда, шектеулі уақыт ішінде бар күшімен допты керек жеріне бағыттау[ 1, б. 98].

Тобықтың ішкі немесе сыртқы жағымен, оң аяқтың болсын, сол аяқпен болсын, допты жүргізудің да тәсілдері әртүрлі: екі аяқтың да табанының ішкі және сыртқы бөлігімен тебу. Соққы барысында, допты қажетті арақашықтыққа бағыттау күшін есептей алу біліктігі талап етіледі. Допты тоқтату допты әртүрлі биіктікте ұшып бара жатқанда да, жерде мен домалап келе жатқан кезде де орындала береді. Жасөспірім футболшы әртүрлі биіктікте ұшып келе жатқан және жермен домалап келе жатқан допты да тоқтатып алуы кезінде, техникалық шеберлігі болуы қажет. Және де допты баспен, аяқпен, кеудемен тоқтатады. Кейде бөксемен, тіземен, өкшемен және дененіңбасқа да бөліктермен тоқтату тәсілдермен қарастырылады. Айналып өтіп ойнаудың да тәсілдері көп, одан жасөспірім футболшының жеке техникалықшеберлігікөрінеді. Қарсыласын сәтті айналып өтуде, футболшы оны орындаудың көптеген тәсілдерін жетік меңгере білуі және дұрыс пайдалана білуі керек.

Әйтпесе, оның әбден үйреніп қалған амал, айла-тәсілдерін, алдау әдісін біліп қалған қарсылас, одан кейінгі ойында допты оңай тартып алу мүмкіндігі көбейеді.

Қақпашының меңгеруге тиісті негізгі техникалық тәсілдері: допты қағып

алу, қағып жіберу, допты ойынға қосар алдында лақтыру және қолмен жүргізу. Бұл тәсілдерінің әрқайсысы әртүрлі амалдармен жүзеге асады.

Допты бір орында немесе қозғалысты қағып алу, секіріп, секірмеу қағып алу, құлап, құламай қағып алу-доптың ұшу жылдамдығы, бағытына және биіктігіне т.б. жағдайларға байланысты. Мұндағы секіру мен құлау жағдайлары доптың қозғалыс ерекшеліктерін байланысты, әртүрлі амал-тәсілдермен орындалады. Допты қағып жіберу –оның қозғалысы жағдайына және ойын барысына байланысты бір қолдың, екі қолдың, жұдырығымен шылтақпен бір немесе 2 қолдың алақанымен, секіріп немесе секірмей жүзеге асарылады.

Қақпашы допты ойынға жерден тебу, қолдан аяқпен тебу арқылы бір қолмен немесе екі қолмен қоса алады. Допты жүргізуді бір қолмен немесе екі қолмен де жүзеге асырады.

Осылайша әрбір ойынмен, мейлі ол қақпашы қорғаушы жартылай қорғаушы, шабуылшы болсын, қозғалыс дағдыларының көптеген түрлерін меңгеруі қажет. Бұл футбол ойынының маңызды шарты болып табылады. Жасөспірім футболшының техникалық шеберлігі-әртүрлі техникалық тәсілдерді жетік меңгеруінде айқындалады және ол үшін мүмкіндіктер көп. Бірақ, мұны футболшылардың басым көпшілігі қолданбайды. КСРО-ның еңбегі сіңген жаттықтырушысы Г.Д. Качалин былай деп жазады: «Футболшының техникалық тәсілдер жиынтығы неғұрлым көп болса, ол тактикалық міндеттерді соғұрлым жеңіл шешеді, ойыны өнімді болады, күшін үнемді жұмсайды, алаңда бағдар жасауға уақыты көп болады» [2, б. 211].

Жасөспірім футболшының қозғалыс дағдысының маңызды ерекшеліктерінің бірі ретінде –оның техникалық тәсілдерді қарсыласының қарсылық көрсету және әріптестерімен бірлескен іс –әрекеттері негіздерде ойындық жағдайларда шешім қабылдап қолдануы болып табылады. Доппен техникалық тәсілдерді орындаған кезде, біруақытта басқа ойыншылардың іс-әрекетін, қозғалысын бақылай отырып, қолдану мен осындай тәсілді назардың бағыттылығын тек допқа аударып дененің қимыл-қозғалысын, бастың және көздің қимылдарын қолданудың бір-бірінен сапасын жағынан айырмашылығы көп.

Ойыншы бағдарды допты қабылдау барысында, қабылдауға дейін немесе қабылдап болғанын кейін де жасай алады. Мұндай жағдайлардағы допты техникалық қабылдау тәсілі ұқсас болуы мүмкін, бірақ негізінен бір ерекшеленетін дағдылар болады. Техникалық тәсілдерді орындау және біруақытта бағдарлау, бас миындағы динамикалық стереотиптіліктерді қосуын талап етеді. Олар бағдарлауды қажет етпейтін қимыл-қозғалыс дағды мен машықтардың орындалу жағдайларындағы динамикалық стереотиптіліктерді жоқтығы шарттарында, қосымша жүйке байланыстарының осы дағдамашықтары негізінде жатады. Бұл құбылыстар, көбінесе, ойынның қызу кезінде, әсіресе, тез арада мүлт етпейтін, оқыс қимыл-әрекеттерді орындау барысында пайда болып жатады.

Қозғалыс дағдыларын қалыптастыру бұл анықталған ортада анықталған шарттар неізінде, орындалатын қозғалыстың анықталған қимыл-қозғалыс жүйесінің жетілдіру үдерісі болып табылады. Сондықтан оқу үдерісінде

дағдыланған және ойын шарттарынан тыс жаттыққан жаттығулар мен техникалық тәсілдер ойын барысында толық қолданыста бола алмайды.

Футболшылардың жалпы және арнайы дене дайындығы күштілік, жылдамдық, төзімділік, ептілік, иілгіштік сияқты қабілеттерді дамытады.

Футболда күш ең алдымен динамикалық немесе бейнелеп айтқанда, қопарылыс күшін керек етеді. Мұндай күш уақыттың қас қағым сәтінде жасалатын жедел қимыл барысында (доп соғу, допқа атылу, тез жүгіру, тоқтау) айқын көрінеді [3, б.12].

Жылдамдық ойыншылардың тез орын ауыстыруынан, техникалық әдіс-тәсілдерді тез орындауынан, тактикалық шешімдерді тез ойлап таба қоюынан көрінеді.

Төзімділік – бұл белгілі бір қимыл-әрекет кезінде организмнің шаршауға қарсы тұра алу қабілеті.

Ептілік ойыншы қимыл-әрекеттерінің үйлесімді көрсеткіші болып табылады. Епті ойыншылар ойынның өзгермелі жағдайларына тез бейімделеді. Олар ойын жағдайында кез келген ойын тәсілдерін сәнді әрі техникалық жағынан дұрыс орындап шығады.

Иілгіштік – бұл буындардың жоғары дәрежеде қозғалғыштығы, бұлшық еттердің тез босаңсуы мен қатайғыштығы, сондай-ақ қозғалыс әрекеттерін барынша үдете түсу қабілеті. Иілгіштік жас футболшылардың қимыл-әрекетіне еркіндік, сенімділік береді. Иілгіштік пен ептілік ойыншыға елеулі жаракат алу қаупінен сақтануға, қарсыласының кез келген әрекетіне қарсы әрекет жасауға дайын болуына көмектеседі.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Товаровский М.Д. Методика совершенствования и контроля координационных способностей юных футболистов в условиях скоростных передвижений: Метод, пособие / Сост. А.П. Золотарев, А.И. Шамардин. – Волгоград, 1991.С. – 98.
2. Качалин Г.Д. Соотношение физической и технической подготовки юных футболистов 11-14 лет на этапе начальной спортивной специализации. – Ленинград, 1985.С. – 211.
3. Адамбеков К.М. Оптимизация тренировочных занятий при подготовке юных футболистов в условиях общеобразовательных школ: Автореф. дис. ... канд. пед. наук.– М., 1980.С. - 12.

ӘОЖ 323.281

#### ОСОБЕННОСТИ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ «Русский язык» (5-9 классы) В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

*Куньшбаева Г. - учитель русского языка и литературы IT-школы-лицея №23 имени Ж. Ташенова, (Казахстан, г. Туркестан)*

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются особенности учебной программы «Русский язык» (5-9 классы) в рамках обновления содержания образования, формы и методы организации обучения учебного предмета «Русский язык»

**Ключевые слова:** направление, школа, образование, самостоятельно,